

Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 ақпандағы № 47/259 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 3599 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 39/241 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 25.04.2019 № 39/241 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 27.09.2017 № 20/115 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 27.09.2017 № 20/115 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Б.Қалаубай
С.Спабеков*

